




# Мемлекетік бағдарламалар ҚР болашақ дамуының кепілі

Қапашов Мусағали



Мемлекеттік бағдарлама – ресурстар, орындаушылар, ғылыми-зерттеу, өндірістік, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық және басқа шаралар. М. б. экономиканы тікелей реттеу құралы ретінде мемлекетті дамытудың басым міндеттерін шешуге бағытталады.



Мемлекеттік бағдарламалар 1922 – 33 жылдардағы Үлкен тоқырауға байланысты негізгі реттеу құралы ретінде қолданыла бастады. Кейінірек 60 – 70 ж. өнеркәсібі дамыған елдерде, ең алдымен, АҚШ-та үздіксіз жоспарлау жүйесінің қажетті құрамы ретінде қарала бастады, негізінен мемлекеттің келешектегі мақсаттары мен міндеттерін оның ағымдағы бюджеттік саясатымен байланыстыру көзделді. Бұл бағыт алғаш рет АҚШ-тың Қорғаныс мин. әзірлеген жоспарлау-бағдарламалау-бюджеттендіру жүйесінде іске асырылды.



- Қазақстан Республикасы қазір “Қазақстан-2030” қайта жаңғыру мен даму бағдарламасын негізге ала отырып, әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан орын алуға негізгі бастамаларды жасады. Қайта жаңғыру және өрлеу стратегиясы арқылы барша қазақстандықтардың жақсы тұрмысы, әлеуметтік әділеттілік, ұлттық бірлігіне кепіл болған ұзақ мерзімді даму стратегиясын негіз етіп алған басым бағыттар мемлекетіміздің кез келген жоспарларын жасаудағы тұрақты бағдарына айналды.

Қазақстан Республикасы қазір "Қазақстан - 2030" қайта жаңғыру мен даму бағдарламасын негізге ала отырып, әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан орын алуға негізгі бастамаларды жасады. Қайта жаңғыру және өрлеу стратегиясы арқылы барша қазақстандықтардың жақсы тұрмысы, әлеуметтік әділеттілік, ұлттық бірлігіне кепіл болған ұзақ мерзімді даму стратегиясын негіз етіп алған басым бағыттар мемлекетіміздің кез келген жоспарларын жасаудағы тұрақты бағдарына айналды.



**«Біз кімбіз, қайда барамыз  
және 2050 жылға қарай  
қайда болғымыз келеді?»**

## «Қазақстан – 2050» Стратегиясы

2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы таныстырылды. Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін «Қазақстан – 2050» Стратегиясы жеті ұзақмерзімді басымдықтарды іске асыруды қарастырады:

1. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм
2. Кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау
3. Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік
4. Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары
5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту
6. Дәйекті және болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту
7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі

- Бірінші басымдық ұлттық қауіпсіздік саласында біздің алдымызда Қазақстанның тұтастығын сақтай отырып дамыту міндеті тұрды.
- Екінші басымдық бойынша біз 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері тұратын елде ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтап нығайттық.
- Үшінші басымдық бойынша шетелдік инвестициялар мен ішкі салымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсуге қол жеткіздік.
- Төртінші басымдық бойынша Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты артып отыр.
- Бесінші басымдық энергетикалық ресурстар. Қазақстанның мұнай – газ кешені күллі экономиканың локомативі болып табылады.
- Алтыншы басымдық инфрақұрылым, әсіресе, көлікпен байланысты дамыту алға қойылды. Бұл мәселе де өз шешімін тапты.
- Жетінші басымдық кәсіби мемлекет. Біз әкімшілік – әміршілдік жүйенің басқару дәстүрлерінен түбегейлі бас тартып басқарудың заманауи әрі тиімді корпусын құрдық.



## XXI ғасырдың жаһандық 10 сын-қатері

Бірінші сын-қатер - тарихи уақыттың жеделдеуі;

- Екінші сын-қатер - жаһандық демографиялық теңгерімсіздік.
- Үшінші сын-қатер - жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер
- Төртінші сын-қатер - судың тым тапшылығы.
- Бесінші сын-қатер - жаһандық энергетикалық қауіпсіздік.
- Алтыншы сын-қатер - табиғи ресурстардың сарқылуы.
- Жетінші сын-қатер - Үшінші индустриялық революция.
- Сегізінші сын-қатер - үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық.
- Тоғызыншы сын-қатер - өркениетіміз құндылықтарының дағдарысы.
- Оныншы сын-қатер - әлемдік жана тұрақсыздық қаупі.





**«Қазақстан - 2050» стратегиясы «Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялармен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм»**

**Бірінші.** Экономикалық және басқару шешімдерін түгелдей экономикалық мақсаттылық және ұзақ мерзімді мүдделер тұрғысында қабылдау.

**Екінші.** Қазақстан толыққанды бизнес-серіктестік ретінде қатыса алатын жана нарықтық тауарларды айқындау.

**Үшінші.** Экономикалық дендейді арттыру мақсатында қолайлы инвестициялық ахуал құры.

**Төртінші.** Экономиканын тиімді жеке секторын құру және мемлекеттік жекеменшік серіктестікті дамыту.



«Қазақстан-2050»  
Стратегиясы

2025 стратегиялық жоспары

2025-тен  
кейін

I. Аса маңызды  
өршіл өзгерістер:

Жүйелі реформалар



II.  
Эволюциялық  
жол:  
«Қазақстан-  
2050»  
Стратегиясын  
іске асырудың 7  
басым саясаты

- 1 Үнталандыратын макроэкономикалық саясат
- 2 Экономикалық секторлардың бәсекеге қабілеттігі
- 3 Дамыған қаржы нарығы
- 4 Инвестицияларды белсенді тарту
- 5 Өмірдің жоғары сапасын қамтамасыз ету
- 6 Жасыл экономика және қоршаған ортаны қорғау
- 7 Тиімді сыртқы экономикалық саясат

1	2	3	4	5	6	7
Жаңа адами капитал	Технологиялық жаңарту және цифрландыру	Бәсеке және бәсекеге қабілетті бизнес	Құқықтық мемлекет және сыбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Күшті өңірлер және урбандалу	Қоғамдық сананы жаңғырту	Өзгерістердің көшбасшысы ретінде мемлекеттік сектор
						Әр бағыт бойынша қалған жоспарлар

Өзгерістердің көшбасшысы ретінде мемлекеттік сектор

Әр бағыт бойынша қалған жоспарлар

Жаңа адами капитал  
Технологиялық жаңарту және цифрландыру  
Бәсеке және бәсекеге қабілетті бизнес  
Құқықтық мемлекет және сыбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
Күшті өңірлер және урбандалу  
Қоғамдық сананы жаңғырту  
Өзгерістердің көшбасшысы ретінде мемлекеттік сектор

## Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 176 Жарлығымен қабылданды.

Бағдарламаның мақсаты - еліміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін халықтың денсаулығын нығайту.

Бағдарламаның **міндеттері** болып саналады:

Қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамыту; аурулардың профилактикасын және басқаруды жетілдіру;

денсаулық сақтау жүйесін басқарудың және қаржыландырудың тиімділігін арттыру; ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру және саланың инфрақұрылымын жетілдіру.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында Қазақстан мынадай мақсатты индикаторға қол жеткізуге тиіс:

2020 жылға қарай өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы 73 жасқа жетеді;

2020 жылға қарай халық денсаулығының индексі 20 % - ға жетеді;

2020 жылға қарай халықтың медициналық көмек сапасына қанағаттануының деңгейі.

## ҚР тілдерді дамыту мениқолданудың мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен қабылданды.

Бағдарламаның мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты.

### **Бағдарламаның өзекті міндеттері мыналар болып саналады:**

мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттау;

мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымын дамыту;

мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру;

мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру;

мемлекеттік тілге сұранысты арттыру;

қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу;

тіл мәдениетін жетілдіру;

коммуникативтік-тілдік кеңістіктегі орыс тілінің қызмет етуі;

Қазақстандағы тілдік әралуандықты сақтау;

ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйрену

Қазақстанда Тілдерді дамыту мен қолдану бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде мынадай **негізгі көрсеткіштерге** қол жеткізілуге тиіс:

мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесін («Қазтест» тапсырудың нәтижесі бойынша 2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 80%, 2020 жылға қарай - 95%);

мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесін (2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 100%);

мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесін (2014 жылға қарай - 53%, 2017 жылға қарай - 60%, 2020 жылға қарай - 70%);

тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылау кезінде қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуына қанағаттанушылық дәрежесін (2014 жылға қарай - 60%, 2017 жылға қарай - 75%, 2020 жылға қарай - 90%);

## ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілді.

*(Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 2 қарашадағы № 423 Жарлығымен өзгеріс енгізілді, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 12 тамыздағы № 893 Жарлығымен Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы кіріктірілді)*

**Мақсаты** - білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың тұрақты өсімі үшін сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде Қазақстан төмендегідей **негізгі көрсеткіштерге** қол жеткізуі тиіс:

жоғары және бірінші санатқа ие жоғары білікті педагогикалық қызметкерлердің педагогтардың жалпы санына шаққандағы үлесін ұлғайту, 2015 жылға қарай - 49%, 2020 жылға қарай - 54%;

3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен және біліммен қамтуды ұлғайту, 2015 жылға қарай - 77,7%, 2020 жылға қарай - 100%;

Қатысушылардың жалпы санына шаққанда кәсіби даярлық деңгейін бағалаудан және біліктілікті беруден алғашқы реттен өткен ТЖБ бітірушілерінің үлесін ұлғайту, 2015 жылға қарай - 75%, 2020 жылға қарай - 80%;

мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған жоғары оқу орындары түлектерінің жоғары оқу орнын тәмамдаған алғашқы жылы мамандығы бойынша жұмысқа орналастырылуын ұлғайту, 2015 жылға қарай - 78%, 2020 жылға қарай - 80%;

әлемнің үздік университеттері рейтингінде көрсетілген Қазақстанның жоғары оқу орындары санын ұлғайту, 2015 жылы - 1, 2020 жылы - 2;

халықаралық стандарттар бойынша институциональдық тәуелсіз ұлттық аккредиттеуден өткен жоғары оқу орындары үлесін ұлғайту, 2015 жылға қарай - 50%, 2020 жылға қарай - 65%;

жастардың жалпы санынан жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға белсенді түрде қатысатын жастар санын ұлғайту, 2015 жылға қарай - 31%, 2020 жылға қарай - 55%.

## Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама

### Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілді.

Бағдарлама мақсаты – экономиканы әртараптандыру және бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы оның тұрақты және теңгерімді өсімін қамтамасыз ету.

#### Бағдарламаның негізгі міндеттері:

экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігінің артуын қамтамасыз ететін басымдықтағы секторларын дамыту;

индустрияландыру үшін қолайлы орта қалыптастыру;

экономикалық әлеуетті өңірлік ұтымды ұйымдастыру негізінде экономикалық өсім орталықтарын құру;

экономиканың басымдықтағы секторларын дамыту барысында мемлекет пен бизнестің тиімді ықпалдастығын қамтамасыз ету.

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан 2014 жылға қарай төмендегідей **негізгі көрсеткіштерге** қол жеткізуі тиіс:

7 триллион теңгеден кем емес ІЖӨ өсімі, нақтылы түрде ІЖӨ өсімі 15%-ды құрайды;

ІЖӨ құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесін 12,5%-дан төмен емес деңгейге дейін арттыру;

экспорттың жалпы мөлшерінде шикізаттық емес экспорт үлесін 40%-дан төмен емес деңгейге дейін арттыру;

өңдеуші өнеркәсіп өндірісінің жиынтық мөлшеріндегі шикізаттық емес экспорт үлесін 43 %-дан төмен емес деңгейге дейін арттыру;

өңдеуші өнеркәсіпте еңбек өнімділігін 1,5 еседен кем емес мөлшерде арттыру.

## **"Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы**

*Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы- тарихи естеліктердің құрметтеу, қадірлеу қорғау бағдарламасы. Әлеуметтік және экономикалық дамуымыздың, негізгі бір бөлшегі. Бұл бағдарлама: өскелең ұрпақтың, ежелгі тарихпен, яғни, ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігімен, салт-санасымен байланысуын зерттейді*



*Елбасымыз 2003 жылы сәуірде Қазақстан халқына жолдауында арнайы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырды. Бағдарлама 2004 жылдан бастап іске асырылуда.*



## «Мәдени мұра» мемлекеттік

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Президенті

Н.Ә.Назарбаев бастамасымен іске асырылуда.

Бағдарлама халықтың үлкен мәдени мұрасын, оның ішінде заманауи ұлттық мәдениет, фольклор және салт-дәстүрлерін; ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру; ұлттық әдебиет пен жазбаның ғасырлар бойындағы тәжірибесін жалпылау; мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойлар, мәдениет және әдебиет жетістіктерінің үздіктері негізінде толымды қор жасауды зерттеу жүйесін құруды қарастырады.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы рухани және білім беруді дамыту салаларындағы негізгі құжат, стратегиялық ұлттық жоба болып табылады.





Рухани жаңғыру Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Елбасы халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялады. Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең бастарды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы олдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емс. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.



## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

# 6 АРНАЙЫ ЖОБА

«ЖАҢАҢДАҒЫ  
ЗАМАНАУИ  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
МӘДЕНИЕТ»

«ТУҒАН ЖЕР»

«ҚАСИЕТТІ  
ҚАЗАҚСТАН

«100 ЖАҢА  
ЕСІМ»



«ҚАЗАҚ ТІЛІН  
ЛАТЫН  
ӘЛІПБИІНЕ  
КӨШІРУ»

«100 ЖАҢА  
ОҚУЛЫҚ»



# БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ.

**ТҮТАС ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ  
САНАСЫН ЖАҢҒЫРТУ БАҒЫТТАРЫ:**

## **БӘСЕКЕЛІК ҚАБІЛЕТ**

КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН БІЛУ,  
МӘДЕНИ АШЫҚТЫҚ.

«ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫ,  
ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
МӘДЕНИ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ  
КЕЛІСІМ БАҒДАРЛАМАСЫ

## **ПРАГМАТИЗМ**

Бұл өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны  
үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай  
алу деген сөз.

## **ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ**

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз,  
әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда  
ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

## **БІЛІМНІҢ САЛТАНАТ ҚҰРУЫ**

Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу  
онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып  
кетеді.

Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге  
қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді.

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЕМЕС, ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ**

Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа -  
эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік  
беретініне көзімізді жеткізді.

**EVOLUTION**


**БУДАН САБАҚ АЛА БІЛМЕСЕК, ТАҒЫ ДА  
ТАРИХТЫҢ ТЕМІР ҚАҚПАНЫНА ТҮСЕМІЗ.**

## **САНАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ**

1 дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында  
және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсіну.

2 жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің  
бәріне дайын болу.

3 өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға  
сіңіру мүмкіндігі.





Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым.

Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық.

Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес.

Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық.

2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық.

2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік.

Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз.

Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім.

**I. XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ**

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бөріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымызды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды.

Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.

Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын. да біле алмайды. Тіпті, бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады.



## ТАЯУ ЖЫЛДАРДАҒЫ МІНДЕТТЕР

1

- Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру

2

- Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы

3

- Мәдениет және салт-дәстүрлерге айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі «Туған жер» бағдарламасы

4

- «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы

5

- «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы

6

- «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына назар аудару

«Мәңгілік Ел» идеясы ұлттық-мемлекеттік идеяның іргетасы, елдің болашағына қызмет ететін жасампаз идея. «Мәңгілік Ел» идеясы – мемлекеттілік дәстүрі Бүгінгі қазақ елінің басты мақсаты –әлеуеті жоғары, экономикасы мығым,бірлігі жарасқан, бәсекелестікке қабілетті, ең мықты 30 елдің қатарынан көріну. Осы ретте, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» бастамасы ұлы мақсаттарға жетелейтін негізгі идея ретінде маңызы зор болмақ.

### Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен қабылданды. Бағдарламаның мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты.

**Бағдарламаның өзекті міндеттері мыналар болып саналады:**

- \* мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттау;
- \* мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымын дамыту;
- \* мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру;
- \* мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру;
- \* мемлекеттік тілге сұранысты арттыру;

ҚР Президентінің "Жаңа онжылдық-Жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына жолдауы аясында іске асып отыр. Бағдарламаның негізгі мақсаты 2020 жылға дейін Қазақстан экономикасын тұрақтандыра отырып дамыту, тұрақты жұмыс орындарын сақтап қалу, елімізде өндірілетін өнімдердің сапасын бәсекелестікке қабілетті ету.

#### **Бағдарлама 2 кезеңмен жүргізіледі.**

Алғашқысы 2010-2014 жылдар аралығында жүргізілді. Сол жылдары шағын және орта бизнесті дамыту басты назарда болса, 2015-2020 жылдар аралығына жоспарланған екінші кезеңінде жаңа бағдарламаларды қолдауға басымдылық беріліп отыр.

**Бұл бағдарламаның елімізге тигізер әсері орасан зор болмақ. Себебі кез-келген елдің дамуы сол елдің экономикасына тікелей тәуелді. Кімде-кім нақты бизнес жоспармен келетін болса мемлекет қағаздағы арманды шындыққа айналдыру үшін барлық мүмкіндікті жасайды. Қарапайым ел азаматы өз жағдайын жақсартып қана қоймай, ел қазынасын да молайтпақ.**

Егерде мемлекетімізде осы бағдарламаның көмегімен іскер азаматтар көбейетін болса, Президентіміздің асқақ арманы "Дамыған 30 елдің" қатарына кіруіміз хақ.

# Спорт



Салалық бағдарлама халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталып отыр, әйтседе қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт қазақстандықтардың көпшілігі үшін әлі де болса олардың жеке құндылығына айналмаған және олардың өмір сүру салтында тиісті орнын таппаған.

Тұрғындар денсаулығының төмен деңгейде болуының себебі олардың саламатты өмір салтын сүру және аурудың алдын алу мәселесінде хабардарлығының, сауаттылығының және оларды уәждеудің жеткіліксіздігі болып отыр. Дене шынықтыру және спортты дамыту шаралары Қазақстан халқының денсаулығын мықты етуге бағытталған шара болып табылады.



